Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қазан	**Дене шынықтыру**	Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен кәлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды кәтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сәздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сәздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сәздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сәздерді - антонимдерді енгізу.
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру
	Қазақ тілі	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сәйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту. Кәрнекілікпен немесе кәрнекіліксіз әзіне айтылған сәзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ӓ, қ, ү, ұ дыбыстарын әздігінен дұрыс айтуға баулу.
	Математика негіздері	Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сәйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.
	Құрастыру	бәлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және кәлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану

Сканировано с CamScanner

	Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру
	Жапсыру	бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алу дағдысын қалыптастыру
	Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

тексерілді Абдуллманова Д.Ш.

Сканировано с CamScanner